



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

*Тапсырыс беруші: Жамбыл облысы әкімдігінің
Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы*

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2025**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Жамбыл облысы әкімдігінің Ақпарат және қоғамдық даму басқармасының тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі - Оператор) интернет-ресурсында 2025 жылы 27 наурызда 2025 жылға үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурс жарияланды.

Хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көре аласыз:

<https://cisc.kz/zhambyl-oblysy-aekimdigining-aqparat-zhaene-qoghamdyq-damu-basqarmasy-tapsyrysy-bojynsha-grantt-konkursy/> ;

<https://cisc.kz/ru/konkurs-po-zakazu-upravleniya-informaczii-i-obshhestvennogo-razvitiya-akimata-zhambylskoj-oblasti/> ;

<https://www.instagram.com/p/DIbY0FBPV6l/?igsh=c25xNmRhZWE4dG9t> ;

<https://www.instagram.com/p/DIbYpFbvnu3/?igsh=YnhucWQzZ3hrbmQ5> .

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2025 жылғы 28 наурыз мен 27 ақпан аралығында жүзеге асырылды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 2 басым бағыт бойынша 2 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Жамбыл облысының Азаматтық орталығының қызметін ұйымдастыру	1	5 280 000 тг
2	«BAGYT» жастардың креативті идеяларын қолдау және кеңес беру орталығын ұйымдастыру	1	8 208 000 тг

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 2 грант бойынша 2 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу	Жамбыл облысының Азаматтық орталығының қызметін ұйымдастыру	қысқа мерзімді	«Жамбыл облысының Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі	23.05.2025ж. №55
2	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	«BAGYT» жастардың креативті идеяларын қолдау және кеңес беру орталығын		Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі	28.05.2025ж. №57

		ұйымдастыру			
--	--	-------------	--	--	--

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу» мен «Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау» салалары бойынша 2 жобаны іске асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 13 488 000 теңгені құрайтын 2 гранттық жоба ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі	«BAGYT: TARAZ HUB» жобасы	«OzgerTeam» қоғамдық қоры	Мұрат Жұманбай	87014422996	Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 41/1 ғим.
			«САНАЛЫ ҚОҒАМ» қоғамдық қоры	Арайлым Абдуалиева	87022527021	Жамбыл облысы, Тараз қ., КОШЕК БАТЫРА, 3

			Жамбыл облыстық «Ауыл жастары» жастар қанаты	Төлеби Сағадинов	87079493667	Жамбыл облысы, Тараз қ., Төлеби даңғылы, 35
			«Жамбыл облысы Жастар мәслихаты» жастар қоғамдық бірлестігі	Азамат Нәмелбек	87007282660	Жамбыл облысы, Тараз қ., Салтанат шағын район, 1

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Есепті кезеңде Жамбыл облысы әкімдігінің Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы гранттық жобалары түрлі түрлі тақырыптармен және форматтарымен ерекшеленді. Нақтырақ айтсақ, облыс ардагерлерін қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру сияқты жобалардың арқасында ардагерлерге әлеуметтік және психологиялық қатынас көрсетіліп, олардың белсенді өмір салтын сақтау үшін жағдайлар жасалды, бұл өз кезегінде қоғамдағы ардагерлерге деген құрметке әсер етті. Сонымен қатар, отбасылық құндылықтарды тәрбиелеу және гендерлік мәдениетті қалыптастыру бойынша ақпараттық-ағартушылық іс-шаралар өткізілді, сондай-ақ қоғамдағы отбасы институтын нығайтуға бағытталған шаралар іске асырылды. Жамбыл облысы Азаматтық орталықтың аясын жүргіз азаматтық қоғамдастығы даму және жергілік үкіметтік емес ұйымдарға көмек көрсетуге арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл жобаларды іске асыру қоғамның әлеуметтік және азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған.

Одан да ауқымды нәтижелерге қол жеткізу үшін осы жобаларды қаржыландыруды ұлғайту мүмкіндігін қарастырған жөн. Бұл нысаналы топтарды қамтуды кеңейтуге, іс-шаралардың жаңа форматтарын енгізуге, көбірек

мамандар тартуға және ақпараттық сүйемелдеуді күшейтуге мүмкіндік береді. Мұндай бастамаларды жүзеге асыруға бөлінген соманың ұлғаюы табысты тәжірибелерді масштабтауға және ұзақ мерзімді перспективада жұмыс істейтін, әлеуметтік ұйымшылдықты нығайтатын және арттыратын тұрақты модель құруға ықпал етеді.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасының м.а.

А. Каримова

Бас бухгалтер

Ш. Ибраева

*Үкіметтік емес ұйымдарды
гранттық қаржыландыру
саласындағы оператордың өз
қызметінің нәтижелері
туралы есепке
1-қосымша*

1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Дастан Исламбек Дастанұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Тараз қаласы, “Салтанат” м/а 1, 87011209069

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Jambyl Civil Hub» жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың «23» мамыр мен 2025 жылдың «30» қараша айлары

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

5 280 000 теңге

2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Бекмырза Айдана Ғалымқызы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Көшек батыр көш., 3 үй., 8708781091.

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«BAGYT: TARAZ HUB» жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың «28» мамыр мен 2025 жылдың «30» қараша айлары

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

8 208 000 теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі

Басым бағыттың атауы: Жамбыл облысының Азаматтық орталығының қызметін ұйымдастыру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Жамбыл облысында өңірлік ресурстық орталық ашу

№ 1 іс шара. Ресурстық орталық ашу

2025 жылғы 9 маусым күні «Jambyl Civil Hub» өңірлік ресурстық орталығының салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Іс-шараға барлығы 20-дан астам қатысушы қатысып, олардың қатарында үкіметтік емес ұйымдардың басшылары, жеке кәсіпкерлер және азаматтық қоғам өкілдері болды.

Ашылу барысында қатысушыларға орталықтың мақсаттары, қызмет бағыттары мен мүмкіндіктері таныстырылды. Сонымен қатар, орталықтың инфрақұрылымы, жұмыс тәртібі және қызмет алушыларға көрсетілетін қолдау түрлері ұсынылды.

Орталықтың жұмыс кестесі бекітіліп, әлеуметтік желілер мен ақпараттық арналарда жарияланды. Қызмет алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті хабарландырулар уақытылы таратылды.

Орталық ашылғаннан кейінгі кезеңде үкіметтік емес ұйымдарға консультациялық көмек көрсетілді. Оның ішінде: кемінде 100 ҮЕҰ-ға (оның ішінде аудандарда тіркелген үкіметтік емес ұйымдардың 30 өкілдері). Кәсіби, құқықтық және консультациялық көмек көрсетілді. Көрсетілген консультациялар құқықтық, ұйымдастырушылық, жобалық құжаттарды әзірлеу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттық өтінімдерді дайындау және басқа да салалар бойынша жүргізілді.

https://drive.google.com/drive/folders/18VVLZaEy0-8vVDb62fGwsUcPm6DR_Czx

https://www.instagram.com/p/DKo7lcmNXxg/?img_index=1

№ 2-іс шара. «Азаматтық қоғамның әлеуетін арттыру» атты оқыту семинары: жұмыс істемейтін ҮЕҰ-ны жабу, кәсіптілікті дерекқорға тапсыру, мемлекеттік гранттарға қатысу, сондай-ақ қаржылық сауаттылық және бюджеттік процесті азаматтық бақылау

«Jambyl Civil Hub» жобасы аясында 2025 жылы үш оқыту семинары өткізілді. Семинарлар Талас ауданы, Қордай ауданы және «Мөлдір бұлақ» оқу-сауықтыру орталығы базасында ұйымдастырылды. Әрбір іс-шара азаматтық қоғам институттарының әлеуетін арттыруға бағытталған «Азаматтық қоғамның әлеуетін арттыру» тақырыбында өтті.

Семинарларға жалпы 180-ден астам адам қатысты. Оның ішінде әр шарадан ауылдық жерлердегі үкіметтік емес ұйымдардың 10 өкілі. Қатысушылардың құрамына өңірдегі үкіметтік емес ұйымдардың белсенді өкілдері, ерікті жастар, азаматтық қоғам белсенділері және бастамашыл топтар кірді.

Оқыту барысында қатысушыларға бірнеше маңызды бағыттар бойынша ақпарат берілді.

Атап айтқанда, жұмыс істемейтін ҰЕҰ-ды жабу тәртібі, мемлекеттік гранттарға қатысу ережелері, бюджеттік процесті азаматтық бақылау тетіктері мен ҰЕҰ-дың ұйымдастырушылық және құқықтық қызметін жүргізуге қатысты мәселелер талқыланды. Бұл тақырыптар өңірлік ҰЕҰ үшін өзекті болып, практикалық маңызы жоғары болды.

Әрбір семинарға арналған жаттықтырушылардың тізімі мен түйіндемелері дайындалды. Сондай-ақ қатысушылар тізімі жүйелі түрде жинақталып, рәсімделді. Оқыту шараларына арналған бағдарламалар әзірленіп, оңтайлы оқыту құрылымы қамтамасыз етілді. Сонымен қатар барлық үш семинардан фото және видео материалдар түсіріліп, архивке енгізілді. Жоба аясында өткізілген оқыту семинарлары туралы әлеуметтік желілерде жарияланымдар дайындалып, көпшілікке ақпараттық қолжетімділік қамтамасыз етілді. Жаттықтырушы дайындаған мемлекеттік және орыс тіліндегі оқу-әдістемелік материалдары қатысушыларға ұсынылды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

https://www.instagram.com/p/DL7Q3YrN_qt/

<https://www.instagram.com/p/DOq3-ННjWyr/>

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсынылды:

https://drive.google.com/drive/folders/1Zuy2iY95yi5uwRUvOcUb2M-zu9_tMpfQ

№ 3 іс шара. «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» форумы

«Jambyl Civil Hub» жобасы аясында 2025 жылғы 13 қараша күні Жаңатас көпсалалы колледжінде 155 адамның қатысуымен «Шағын қалалар - үлкен мүмкіндіктер» форумы өткізілді. Бұл ретте, ең алдымен форумға арналған ресми бағдарлама әзірленіп, іс-шараның құрылымы мен секциялық бағыттары нақтыланды. Іс-шара шағын қалалардағы жастардың, кәсіпкерлердің, ҰЕҰ өкілдерінің және мемлекеттік құрылымдардың өзара ынтымақтастығын дамытуға бағытталды.

Форум жұмысына аудан әкімінің орынбасары Ерлан Ермағанбетов, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Ұлбике Сәлімова, Жаңатас қаласының әкімі Ильяс Домалақов, «Қазфосфат» ЖШС, «Қаратау» тау-кен өңдеу кешенінің ұйымдастырушылық дамыту бөлімінің басшысы Самат Серікбаев, «ГПК Қазфосфат» ЖШС кадрлар жөніндегі жетекші инспекторы Қуаныш Құлыбеков, аудандық Мансап орталығының директоры Данияр Омар, мемлекеттік грант иелері, жас кәсіпкерлер, ҰЕҰ өкілдері және жастар қатысты.

Бұл ретте, қатысушылар тізімі рәсімделіп, есептік құжат ретінде жинақталды

Форумда шағын қалалардың әлеуетін арттыру, жастарды кәсіпкерлікке ынталандыру, жұмыспен қамту мүмкіндіктері, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру және мемлекеттік қолдау құралдары талқыланды. Қатысушыларға өз тәжірибелерімен бөлісуге, серіктестік орнатуға және білікті мамандардан практикалық ақпарат алуға мүмкіндік берілді.

Сонымен бірге іс-шараға байланысты пресс-релиз дайындалып, ақпараттық арналарға таратылды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DQ57KyQDVD5/>

<https://www.instagram.com/p/DQ5-fh2DAuT/>

<https://www.instagram.com/p/DRAGYYIDfYV/>

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/folders/15wxR3x_-YV_LVkrtnjd9Vsan2MDEKHnZ

№ 4 іс-шара. «Достық - азаматтық қоғамның күші» семинар

2025 жылғы 9 қыркүйек күні Қордай ауданы, Сортөбе ауылында 35 адамның қатысуымен «Достық – азаматтық қоғамның күші» тақырыбында семинары өткізілді. Өз кезегінде, іс-шараға арналған семинар бағдарламасы әзірленіп, бекітілді сондай-ақ семинарға қатысушылардың нақты тізімі рәсімделді.

Семинардың негізгі мақсаты – жергілікті қауымдастықтардағы азаматтық қоғам өкілдерінің әлеуетін арттыру, қоғамдық келісім мен өзара түсіністі нығайту, азаматтық бастамалардың дамуына қолдау көрсету болды.

Іс-шараға ауыл тұрғындары, белсенді жастар және қоғамдық салада жұмыс істейтін жергілікті өкілдер қатысты.

Семинардың лекторы – заң ғылымдарының магистрі Дастан Исламбек Дастанұлы.

Тренер қатысушыларға достық пен әлеуметтік бірліктің азаматтық қоғамдағы рөлі, жергілікті ұйымдар арасындағы сенімді нығайту жолдары, қоғамдық келісімді қамтамасыз ету қағидаттары туралы жан-жақты ақпарат ұсынды. Тыңдаушылар өзара талқылау жүргізіп, практикалық мысалдар арқылы жаңа білімдерін бекіту мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DOpzrqIDfmw/>

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

<https://drive.google.com/drive/folders/1yfazI0b5qjfLiBHrqAxikeRTCZOqOBAL>

№ 5 іс-шара. Халықтың дипломатия орталығының қызметі туралы ақпараттандыру бойынша кездесу

2025 жылғы 27 тамыз күні «Халықтық дипломатия орталығының қызметі туралы ақпараттандыру» тақырыбында онлайн форматта кездесу өткізілді. Іс-шара Zoom платформасында ұйымдастырылып, кездесуге облыстың білім беру ұйымдарының өкілдері, азаматтық сектор мүшелері және жастардан құралған 65 қатысушы атсалысты.

Кездесуге облыстың білім беру ұйымдарының өкілдері, азаматтық сектор мүшелері, жастар ұйымдары және бастамашыл топтардан құралған барлығы 65 қатысушы қатысты.

Бұл ретте, кездесу барысында Халықтық дипломатия орталығының мақсаттары, қызмет бағыттары, қоғаммен өзара іс-қимыл механизмдері және азаматтық дипломатияны ілгерілету бағытындағы мүмкіндіктер таныстырылды. Қатысушылар халықаралық ынтымақтастықты нығайту, қоғамдық келісімді қолдау және бейбітшілік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша тренерден жан-жақты ақпарат алды.

Сонымен қатар, кездесу туралы ақпарат әлеуметтік желілерде жарияланып, көпшілікке ақпараттық қолжетімділік қамтамасыз етілді. Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/folders/10B9Ig_GeegNRSxyrFtxiutY-BHGYtQOH

№ 6 іс-шара. «Тиімді коммуникациялар және азаматтық белсенділермен ынтымақтастық» семинар-тренинг

2025 жылдың тамыз айының 1-і күні Тараз қаласы Достық үйінде 32 адамның қатысуымен «Тиімді коммуникациялар және азаматтық белсенділермен ынтымақтастық» семинар-тренингі ұйымдастырылды.

Бұл ретте, іс-шараның тренерлері ретінде азаматтық қоғам саласында тәжірибесі мол мамандар шақырылды. Олардың қатарында:

- Заурбекова Айнұр Орынтайқызы – «Жамбыл облысының КЕҰ Ассоциациясы» заңды тұлғалардың бірлестігінің басшысы, «Заң мен заман» және «Диабет қоғамы» қоғамдық бірлестіктерінің жетекшісі, сондай-ақ «№40 гимназияның қамқорлық қоры» қоғамдық қорының басшысы, трансформациялық бизнес-тренер;

- Дастан Исламбек Дастанұлы – «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» ЗТБ басқарма төрағасы, заң ғылымдарының магистрі;

- Намелбек Азамат Намелбекұлы – «Жамбыл облысы Жастар мәслихаты» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Аталған тренерлер іс-шара барысында азаматтық қоғамның дамуы, қоғамдық бірлестіктердің әлеуетін арттыру, жастардың қоғамдық белсенділігін күшейту және тиімді коммуникация құралдары бойынша мазмұнды ақпараттар ұсынып, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Сауална нәтижесінде іс-шараға қатысушылардың қанағаттану деңгейі 80-100% пайыз аралығын қамтыды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/folders/1Ixdyi2QXaL_c-ybQ1I8_5G7MI4URjuUz

2-міндет. Ақпараттық насихаттық жұмыс жүргізу

№ 1-іс-шара. Ақпараттық насихаттық жұмыс жүргізу, әлеуметтік желілер мен сайттар

Әлеуметтік желілерде мамыр және қараша айлары аралығында азаматтық қоғам саласындағы жаңалықтар мен жетістіктер, ҮЕҰ қызметі, қоғамдық ұйымдардың көшбасшылары туралы ақпараттар жарияланды. Ақпараттар Turaninfo.kz ақпарат агенттігі сайтында, Facebook және TikTok әлеуметтік желілерінде жарық көрді.

Мамыр және қараша айлары аралығында Қазақстанның облыс деңгейінде әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан ҮЕҰ қызметі туралы 2 бейнеролик және ауылдық ҮЕҰ іс-шаралары мен жобалары туралы 2 бейнеролик түсірілді. Түсірілген бейнероликтер Instagram және TikTok әлеуметтік желілерінде жарияланды.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

<https://drive.google.com/drive/folders/1AUEWhI-VbAqSP3pCmchtbQe4SQsmiYYT>

Бейнеролик сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DPnpgITjZV0/?igsh=MTlhazk0cGdueWZjcQ%3D%3D>
2. <https://www.instagram.com/reel/DQJLbACDSf4/?igsh=dmd3OWJyMXljdWEx>
3. <https://www.tiktok.com/@islambek.dastan/video/7570641688142630200? r=1& t=ZM-91kJQKXFjKS>
4. <https://www.tiktok.com/@islambek.dastan/video/7570932226133691659? r=1& t=ZM-91kJRacM5ZE>

Сонымен қатар жоба аясында баспа БАҚ интернет ресурстарында жалпы 5 мақала жарияланды.

БАҚ-та жарияланған мақала сілтемесі:

1. <https://turaninfo.kz/taraz-alasynda-jambyl-civil-hub-zhobasy-ayasynda-azamatty-o-am-kilderine-konsultaciya-k-mek-k-rsetetin-ortaly-ashyldy/>
2. <https://shanyraqinfo.kz/tiimdi-kommunikatsiyalar-zh-ne-azamatty-belsendilermen-yntyma-tasty/>
3. <https://08info.kz/ceminar-trening/>
4. <https://tarazy.kz/tiimdi-kommunikaciya-zhaene-azamattyq-belsendilermen-yntymaqtastyq-atty-seminar-trening-oetti/>
5. <https://zanmedia.kz/tiimdi-kommunikaciya-zh-%d3%99ne-azamatty%d2%9b-belsendilermen-yntyma%d2%9btasty%d2%9b-ta%d2%9byrybynda-seminar-trening-%d3%a9tti/148505/>

Облыстық БАҚ интернет ресурстарында мамыр және қараша айлары аралығында Turaninfo.kz ақпарат агенттігі сайттарында 5 мақала жарияланды.

1. <https://turaninfo.kz/azamatty-o-amny-leuetin-arttyru-seminary-tti/>
2. <https://turaninfo.kz/tiimdi-kommunikaciya-zh-ne-azamatty-belsendilermen-yntyma-tasty-ta-yrybynda-seminar-trening-tti/>
3. <https://jambylinfo.kz/zhambyl-zhanalyqtar/tiimdi-kommunikaciya-zh-ne-azamatty-belsendilermen-yntyma-tasty-ta-yrybynda-seminar-trening-tti/>
4. <https://aqjolgazet.kz/177416/tiimdi-kommunikaciya-zh-ne-azamatty-belsendilermen-yntyma-tasty-ta-yrybynda-seminar-trening-tti/>
5. <https://turaninfo.kz/azamatty-o-amny-leuetin-arttyru-atty-seminary-tti/>

Бұдан бөлек, кемінде 20 000 жазылушысы бар облыстың танымал әлеуметтік желілерде (Instagram, Tik-tok, Facebook) 5 материал жарық көрді.

1. <https://www.instagram.com/reel/DRMxo7wDVln/?igsh=MTY4M3cyendqdTkx>
2. https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1059668766259938&id=100066504741018&rdid=GYmMsWys0VSJyP0f
3. <https://www.instagram.com/reel/DQ5-fh2DAuT/?igsh=MWdwdXJrbGt3bjdlYw%3D%3D>
4. <https://www.instagram.com/reel/DMQPW31s3DH/?igsh=MWE0OXRkYjQ1Yml2OA%3D%3D>
5. <https://www.tiktok.com/@islambek.dastan? r=1& t=ZM-91YVYFHaD7M>

3-міндет. «Жамбыл облысының үздік әлеуметтік жобалары» конкурсын ұйымдастыру

1-іс-шара. «Жамбыл облысының үздік әлеуметтік жобалары» конкурсы

Ағымжаңы жылдың қараша айында Жамбыл облысының үздік әлеуметтік жобалары» конкурсы ұйымдастырылды. Конкурс туралы хабарландыру Facebook әлеуметтік желісінде жарияланып, өңірлік ҮЕҰ арасында ақпараттық қамту қамтамасыз етілді.

Конкурсқа 7 ұйым өз өтінімдерін жолдап, әлеуметтік бастамаларын қорғауға ниет білдірді. Бұл ретте, конкурсқа қатысушылардың тізімі жасалды.

Өтінімдерді объективті бағалау мақсатында конкурстық комиссия құрамы бекітілді. Комиссия мүшелері қатарында:

- Ержан Әбдиев – «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы» ЗТБ президенті;
- Әлихан Қуанышев – «Ақ сұңқар» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы;
- Нұрболат Абсалямпов – Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық-саяси ахуалды талдау, болжау және азаматтық қоғам институттарымен жұмыс» бөлімінің бас маманы болды.

Комиссияның қарауы нәтижесінде хаттама рәсімделіп, «Ассоциация по развитию знания и талантов» («Жамбыл Жастары» ҚБ) жобасы конкурстың жеңімпазы деп анықталды.

Жоба шеңберінде жоспарланған 500 000 теңге көлеміндегі жүлде қоры екі номинация бойынша үздік деп танылған жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар ретінде табысталды.

2025 жылғы 14 қараша күні ресми түрде конкурстың марапаттау рәсімі өткізілді. Іс-шара барысында жеңімпаздар мен қатысушыларға алғыс білдіріліп, өңірдегі әлеуметтік жобаларды дамытуға қосқан үлестері атап өтілді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/folders/16c7Mm8NYQVEXc9xZ1NN1HmiBeK7_PsNU

4-міндет. Нысаналы индикаторларға қол жеткізу бойынша ақпарат

№ 1-іс-шара. Жоба шеңберінде қаланың үкіметтік емес ұйым қамтуы

«Jambyl Civil Hub» жобасын іске асыру барысында Жамбыл облысының үкіметтік емес секторын кеңінен қамтуға ерекше назар аударылды. Жоба аясында облыс орталығы мен аудан өңірлерінде тіркелген ҮЕҰ өкілдерімен тұрақты түрде кездесулер, консультациялар, семинарлар және ақпараттық шаралар ұйымдастырылды.

Жалпы алғанда, жоба шеңберінде кемінде 200 үкіметтік емес ұйым қамтылды, оның ішінде:

- 70-тен астамы – аудандық деңгейде тіркелген ҮЕҰ өкілдері.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

<https://drive.google.com/drive/folders/10prdr53fnl3rOUtnFJpMAnjAgaIDnQhk>

2-іс-шара. Құзыреттер деңгейінің жоғарылауын және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттық қаржыландыру процесерінде тартылуын атап өтетін қатысушылардың қанағаттану деңгейі (сауалнамалар арқылы бағалау)

Жоба барысында қатысушылардың қанағаттану деңгейін бағалау жұмыстары сауалнама арқылы жүргізілді.

Жиналған сауалнамалар негізінде сауалнама нәтижелеріне талдау (анализ) жүргізілді. Талдау қатысушылардың басым бөлігі іс-шаралардың мазмұнына, тренерлердің кәсібилігіне және ұсынылған ақпараттың пайдалылығына жоғары баға бергенін көрсетті.

Бағалау нәтижесі бойынша қатысушылардың қанағаттану дәрежесі 80-100% аралығын қамтыды.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/folders/1_nLvUmdLJUILLNnPbSm-g3_p5NUfVI-yH

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

№ 1-іс-шара. Жоба нәтижесі бойынша онлайн брифинг

2025 жылғы 15 қараша күні Исламбек Дастан Facebook каналында тікелей эфирде қорытынды брифинг жұмысын ұйымдастырды. Брифингте презентация көрсетіліп, жоба нәтижелері жарияланды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ақпарат әлеуметтік желілерде жарияланды.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

<https://drive.google.com/drive/folders/1AZLSocQe6Jv2BW1UemQdh7wN8D0EAOde>

<https://drive.google.com/drive/folders/1AZLSocQe6Jv2BW1UemQdh7wN8D0EAOde>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

1-іс-шара. Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы жарияланымдар

Жоба шеңберінде әлеуметтік жобаны іске асыру барысын қоғамға кеңінен таныстыру және ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында жүйелі ақпараттық жұмыс жүргізілді. Әрбір іс-шара бойынша әлеуметтік желілерде жарияланымдар дайындалып, тиісті платформаларда орналастырылды. Әр іс-шараға кемінде 1 жарияланым жарияланды. Ақпараттық жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін контент-жоспар әзірленді. Контент-жоспарға сәйкес, ай сайынғы негізгі жарияланымдар жүйелі түрде әр айдың 3-і күні орналастырылып отырды. Жобаның барлық жаңалықтары мен іс-шаралары бойынша мазмұнды материалдар, хабарландырулар, фото және бейнематериалдар уақытылы жарияланды.

Сонымен қатар, жоба аясында ай сайынғы дайджест әзірленді. Дайджестте өткен іс-шаралардың нәтижелері, негізгі көрсеткіштері мен алдағы жоспарлар қамтылды. Бұл материалдар жоба бенефициарлары, ҮЕҰ және серіктестер үшін маңызды ақпараттық ресурсқа айналды.

Әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың жиынтық қаралым саны кемінде 17 000-ға жетіп, жоба туралы ақпараттың кең аудиторияға таралуына ықпал етті.

2-іс-шара. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

Әлеуметтік жобаның ашықтығын қамтамасыз ету және жұртшылықты дер кезінде ақпараттандыру мақсатында жоба туралы материалдар өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде тұрақты түрде жарияланып отырды.

Жоба шеңберінде облыстық телеарналарда кемінде 5 ақпараттық материал жарияланды. Телесюжеттерде жобаның мақсаттары, іске асырылған іс-шаралар, ҮЕҰ-мен жұмыс бағыттары және қатысушылардың пікірлері қамтылды. Жарияланымдар аймақтық аудиторияға кең көлемде таралып, жобаның танымалдығын арттырды.

Телеарнадағы ақпараттық материал сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DQ5t460jIG3/?igsh=MXB6emE2dmxkaWE5ag=> (77 NEWS)
2. <https://www.instagram.com/reel/DQpqrqIDfmw/> (Jambyl TV)

Сонымен қатар облыстық интернет-ресурстарда да жобаны насихаттауға бағытталған кемінде 5 мақала жарық көрді. Онлайн материалдарда жобаның нәтижелері, өткізілген оқыту семинарлары, кездесулер және форумдар туралы толық ақпарат ұсынылды. Бұл жарияланымдар өңірлік қоғамдық ұйымдар мен тұрғындар арасында ақпараттық қолжетімділікті арттырды.

Интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар сілтемесі:

1. <https://turainfo.kz/taraz-alasynda-jambyl-civil-hub-zhobasy-ayasynda-azamatty-o-am-kilderine-konsultaciya-k-mek-k-rsetetin-ortaly-ashyldy/>
2. <https://shanyraqinfo.kz/tiimdi-kommunikatsiyalar-zh-ne-azamatty-belsendilermen-yntyma-tasty/>
3. <https://08info.kz/ceminar-trening/>
4. <https://tarazy.kz/tiimdi-kommunikaciya-zhaene-azamattyq-belsendilermen-yntymaqtastyq-atty-seminar-trening-oetti/>
5. <https://zanmedia.kz/tiimdi-kommunikatsiyalar-zh%20ne-azamatty%20belsendilermen-yntyma%20basty%20b-ta%20brybynda-seminar-trening-%20a9tti/148505/>

Әлеуметтік желілердегі ақпараттық қамтуды күшейту мақсатында Instagram, Facebook және TikTok платформаларында облыста танымал, 20 000-нан астам жазылушысы бар парақшалар арқылы жобаға қатысты кемінде 5 материал жарияланды. Бұл жарияланымдар кең аудиторияны қамтып, жоба туралы контенттің таралуын айтарлықтай арттырды.

Әлеуметтік желілердегі жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DRMxo7wDVln/?igsh=MTY4M3cyendqdTkx>
2. https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1059668766259938&id=100066504741018&rdid=GYmMsWys0VVSJyP0f
3. <https://www.instagram.com/reel/DQ5-fh2DAuT/?igsh=MWdwdXJrbGt3bjdlYw%3D%3D>
4. <https://www.instagram.com/reel/DMQPW31s3DH/?igsh=MWE0OXRkYjQ1YmI2OA%3D%3D>
5. <https://www.tiktok.com/@islambek.dastan? r=1& t=ZM-91YVYFHaD7M>

1) Әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері

Жоба өз алдына қойылған негізгі мақсаттарға толық көлемде қол жеткізді. «Jambyl Civil Hub» өңірлік ресурстық орталығы ашылып, ҮЕҰ-ға консультациялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдау көрсету жүйелі жолға қойылды. Жоба шеңберінде аудандық және қалалық деңгейдегі азаматтық қоғам институттары үшін оқыту семинарлары, форумдар және ақпараттық іс-шаралар өткізілді. ҮЕҰ өкілдерінің кәсіби құзыреттері артты, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттық қаржыландыру тетіктеріне тартылу деңгейі жоғарылады.

Жоба нәтижесінде жалпы 200-ден астам ҮЕҰ қамтылып, оның ішінде 70-тен астамы аудандық ҮЕҰ болды. Әлеуметтік желілер, БАҚ және интернет ресурстар арқылы жоба туралы кең көлемді ақпараттық қамту қамтамасыз етілді.

2) Мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдер

Мақсаттарға қол жеткізілгенін бірнеше нақты индикаторлар дәлелдейді:

- ресурстық орталықтың ашылуы және оның толыққанды жұмыс істеуі;
- ірі форматтағы 6 іс-шараның өткізілуі (семинарлар, форумдар, тренингтер, онлайн кездесу);
- оқыту семинарларына 180-тен астам қатысушының қатысуы;
- сауалнама жинақталып, қатысушылардың қанағаттану деңгейінің 80% аралығында болуы;
- ақпараттық материалдардағы БАҚ-та кемінде 10 мақала, әлеуметтік желілерде кемінде 10 жарияланым, телеарналарда 5 сюжет шығып, жалпы қаралым саны 17 000+ болуы;
- «Жамбыл облысының үздік әлеуметтік жобалары» конкурсының ұйымдастырылып, жеңімпаздарды марапаттау рәсімінің өткізілуі.

3) Жоспарланған нәтижелер мен алынған нәтижелердің сәйкестігі: Жоспарланған және нақты нәтижелер арасында ауытқулар жоқ.

4) Жобаға дейінгі және кейінгі өзгерістер (өлшеу нәтижелері)

Жобаға дейін өңірдегі көптеген ҮЕҰ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттық қаржыландыру, ұйымды басқару, есептілік жүргізу сияқты бағыттарда жеткілікті ақпаратқа ие болмаған. Кеңес беру мен оқыту мүмкіндіктері шектеулі болды, ал аудандық ҮЕҰ-ның әлеуеті қалалық ұйымдарға қарағанда әлдеқайда төмен еді.

Жоба іске асқаннан кейін айтарлықтай оң өзгерістер байқалды:

- үеу-ның құқықтық және жобалық құзыреттері артты;
 - аудандық ҮЕҰ-ның белсенділігі өсіп, оқу іс-шараларына қатысушылар саны ұлғайды;
 - мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттық жобаларға қатысуға ынталанған ұйымдар саны артты;
 - үеу-ның арасында коммуникация және серіктестік орнату деңгейі күшейді;
 - жоба туралы ақпараттың қолжетімділігі артты — өңірде азаматтық қоғам тақырыбындағы жария контент көлемі көбейді;
 - қатысушылардың қанағаттану деңгейі жоғары болып, іс-шаралардың сапасы оң кері байланыс арқылы дәлелденді.
- Жалпы алғанда, жоба өңірдегі азаматтық қоғамның институционалдық дамуына оң ықпал етіп, ҮЕҰ әлеуетінің өсуіне нақты үлес қосты.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
562	185	377

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
562	-	208	48	58	5	6	36	150	51	-

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
562	0	67	141	98	217	34	5

3. Жобаның нәтижелері

1) Нысаналы топтардың жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық және сапалық көрсеткіштермен):

Жоба аясында өңірдегі үкіметтік емес ұйымдардың, белсенді жастардың және азаматтық қоғам өкілдерінің құзыреттері артты. Барлығы 200-ден астам ҮЕҰ өкілі, оның ішінде 70-тен астам ауылдық ҮЕҰ жоба шараларына тартылды. Оқыту семинарларына, тренингтерге және форумдарға жалпы 550-ден астам қатысушы қамтылды. Жоба шеңберінде 117 қала және 103 аудан үкіметтік емес ұйым қамтылды.

Сапалық тұрғыдан нысаналы топтар құқықтық білімін арттырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа, гранттық қаржыландыруға қатысу тәртібін меңгерді, ұйымдарды тіркеу, қайта ұйымдастыру және жабу бойынша нақты дағдыларға қол жеткізді. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 80%-дан астамы өзінің құзырет деңгейінің артқанын және алынған ақпаратты практикалық қызметінде қолдануға дайын екенін атап өтті.

2) Жобаның шешілуге тиісті проблемаға ұзақмерзімді ықпалы:

Жоба өңірдегі ҮЕҰ-дың институционалдық тұрақтылығын арттырып, азаматтық қоғамның белсенділігін күшейтуге ықпал етті. Жоба барысында ұсынылған оқыту бағдарламалары, консультациялар және серіктестік алаңдары ҮЕҰ-дың кәсіби қызметін жүйелеуге, мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастыруға және жергілікті бастамалардың тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік берді.

Ұзақмерзімді перспективада жоба өңірдегі ҮЕҰ-дың мемлекеттік гранттар мен әлеуметтік тапсырыстарға қатысуын көбейтеді, жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді қатысуына жағдай жасайды. Бұл азаматтық қоғамның тұрақты дамуына және қоғамдық процестердегі ашықтық пен жауапкершіліктің артуына оң әсерін тигізеді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба ҮЕҰ-дың біліктілігін арттыру арқылы өңірдегі әлеуметтік бастамалардың сапасын жақсартты. Нәтижесінде жергілікті қауымдастықтарда әлеуметтік қызметтердің тиімділігі артып, тұрғындардың қоғамдық өмірдегі белсенділігі күшейді. Форумдар мен семинарлар жана серіктестіктердің қалыптасуына, жергілікті кәсіпкерлер мен ҮЕҰ-дың бірлескен жобаларды жүзеге асыру әлеуетінің артуына ықпал етті.

Экономикалық тұрғыдан жоба азаматтық сектордағы адами капиталды дамытуға, жергілікті жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру сапасын жақсартуға әсер етті. Оқыту мен консалтинг нәтижесінде ҮЕҰ-дың қаржылық сауаттылығы көтеріліп, оларды гранттық және бюджеттік қаражатты тиімді игеруге қабілетті етті. Бұл аймақтағы әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық дамудың ұзақмерзімді негізін қалыптастырады.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: «BAGYT» жастардың креативті идеяларын қолдау және кеңес беру орталығын ұйымдастыру

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Жамбыл облысының орталығында коворкинг-кеңістікті жабдықтап, жастарға арналған қолжетімді орта қалыптастыру

№ 1 іс шара. «BAGYT HUB Launch Forum» іс шарасы жобаның ресми ашылуына арналған форум

2025 жылғы 11 қараша күні М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің акт залында 100-ден астам адамның қатысуымен «BAGYT HUB Launch Forum» атты жастарға арналған ірі ауқымды форум өткізілді.

BAGYT HUB – жастардың инновациялық, әлеуметтік және шығармашылық жобаларын дамытуға арналған жаңа кеңістік болып табылады. Жоба офлайн форматтағы жобалық фронт-офис және онлайн «Digital BAGYT» платформасы арқылы өз жұмысын бастады.

Форумның ашылу рәсіміне М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің әлеуметтік мәселелер және тәрбие департаментінің директоры Арнат Ұлтанбаев, Жамбыл облысы Жастар ресурстық орталығының директоры Айбек Кадралиев, «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айдана Бекмырза және жоба жетекшісі Дәурен Мамыш қатысты.

Форум аясында жастар арасындағы «InnoChallenge» инновациялық идеялар байқауының жеңімпаздары марапатталды. Байқауға облыс бойынша 50-ден астам жоба ұсынылып, олардың ішінен ең үздік үш идея іріктелді:

Жеңімпаздар:

I орын (500 000 ₸) – Жұмабек Сабина Ануарқызы, «VR Медицина» жобасы

II орын (300 000 ₸) – Абдулайев Нурсайд Нуридинұлы, «SMART VOLUNTEER» жобасы

III орын (200 000 ₸) – Қалдыбек Алмат Жексенбекұлы, «STUDENT ENERGY HUB» жобасы

Форум жастардың жаңа идеялары мен бастамаларын қолдауға, өңірде инновациялық жобаларды дамытуға серпін берген маңызды алаңға айналды.

Жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара бойынша ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DQ-4gTpCqmH/?img_index=1

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1haCIzsjsxLiYMLt4DPwNAc1F83ucKSfc>

2 міндет. Жастардың шығармашылық және технологиялық идеяларын жүзеге асыруға бағытталған оқыту, менторлық және консультациялық қолдау тетіктерін енгізу.

1-іс-шара. «Digital BAGYT» онлайн коммуникациялық платформасын іске қосу іс шарасында Telegram-арнада қатысушылар арасында жоба жаңалықтары, коворкинг шаралары, идеялар тізілімі және кері байланыс жүйесі енгізу

2025 жылдың қыркүйек–қараша айлары аралығында Telegram негізіндегі «Digital BAGYT» онлайн-коммуникациялық платформасы толық көлемде іске қосылып, тұрақты түрде жүргізілді.

Платформада жоба жаңалықтары, іс-шаралардың анонстары, стартап идеяларының тізілімі, мотивациялық материалдар, интерактивті контент және кері байланыс жүйесі тұрақты жарияланды.

Сонымен қатар, Telegram арнаны қолдану, ақпарат алу, бастама жіберу және кері байланыс беру процесін түсіндіретін арнайы онлайн гайд-сессия өткізіліп, оның скриндері мен видеожазбасы архивке енгізілді.

Платформаға енгізілген бастамалар тізіліміне «TechSprint» технологиялық марафоны, «InnoChallenge» инновациялық идеялар байқауы, «ҰБТ Ready» жобасы, Debate және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар, сондай-ақ әлеуметтік челленджер енді.

2025 жылғы есептік кезең ішінде Telegram арнасы 1448 тіркелушіні қамтыды. Платформа Instagram, Facebook және TikTok-тағы жобаның ресми парақшаларымен интеграцияланып, жалпы ақпараттық қамту 10 000-нан астам пайдаланушыны құрады. Аудандық сапарлар барысында Telegram арнасына тіркелу, ақпарат алу және идея енгізу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара бойынша ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. https://t.me/digital_bagyt

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1aGlxDpCU_gao4rh-a0RivkwmDdy1amhS

Нәтижесінде, «Digital BAGYT» онлайн платформасы жоба қатысушылары үшін негізгі цифрлық коммуникация алаңы ретінде орнықты, жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, жобаның ашықтығын және тиімді ақпараттық сүйемелденуін қамтамасыз етті.

3 міндет. Жастар арасында инновациялық идеялар конкурсын өткізу арқылы үздік жобаларды қолдау

№ 1-іс-шара. «BAGYT Caravan» – аудандарға ақпараттық тур іс шарасы бойынша 10 ауданға сапар жасап, Жастар ресурстық орталықтарымен бірлесіп жобаның маңызын түсіндіру семинарлар өткізу, жергілікті жастардың ұсыныстарын жинау

«BAGYT Caravan» ақпараттық туры аясында Жамбыл облысының барлық 10 ауданына іссапар ұйымдастырылып, Жастар ресурстық орталықтарымен бірлескен семинарлар өткізілді.

Семинар өткізілген аудандар тізімі:

- 1) 2025 жылғы 24 шілде — Мойынқұм ауданы
- 2) 2025 жылғы 24 шілде — Шу ауданы
- 3) 2025 жылғы 15 тамыз — Жамбыл ауданы
- 4) 2025 жылғы 15 тамыз — Жуалы ауданы
- 5) 2025 жылғы 25 қыркүйек — Сарысу ауданы
- 6) 2025 жылғы 3 қазан — Байзақ ауданы
- 7) 2025 жылғы 3 қазан — Жамбыл ауданы (Аса ауылы)
- 8) 2025 жылғы 6 қазан — Жуалы ауданы (Б.Момышұлы ауылы)
- 9) 2025 жылғы 6 қазан — Талас ауданы

10) 2025 жылғы 7 қазан — Т.Рысқұлов ауданы

11) 2025 жылғы 7 қазан — Меркі ауданы

12) 2025 жылғы 9 қазан — Қордай ауданы

Әр ауданға арналған іс-шаралар бірыңғай форматта өтіп, жоба туралы ақпарат беру, жастардың ұсыныстарын жинау, инновациялық идеяларға бағыттау жұмыстары жүйелендірілді. Әр кездесуде қатысушылардың нақты тізімі рәсімделіп, жергілікті бастамалар тізілімі жасақталды. Жалпы қатысушылар саны 1000 жас адам қамтылды.

Сонымен қатар, жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, әр аудандағы іс-шара бойынша ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DPmRt0FjfsN/?img_index=1
2. https://www.instagram.com/p/DPjrdaGjcac/?img_index=1
3. https://www.instagram.com/p/DPg3Py4DYgU/?img_index=1
4. https://www.instagram.com/p/DPhQAGyjQss/?img_index=1
5. https://www.instagram.com/p/DPhQgIyDa9E/?img_index=1
6. https://www.instagram.com/p/DPjrRDMjcLa/?img_index=1
7. https://www.instagram.com/p/DPjq6RjDWHL/?img_index=1
8. https://www.instagram.com/p/DPjrdaGjcac/?img_index=1
9. https://www.instagram.com/p/DPmRt0FjfsN/?img_index=1
10. https://www.instagram.com/p/DPBrenLDXmR/?img_index=1

4 міндет. Ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы жастардың белсенділігін арттыру

1-іс-шара. «IdeaLab» – Жобалық ойлау мектебі іс-шарасы бойынша жастарға арналған жобалық ойлау, командалық жұмыс, дизайн-ойлау бойынша мастер-класстар өткізу

Жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру және жобалық ойлау дағдыларын дамыту мақсатында «IdeaLab» бағытында алты түрлі шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Әр мастер-класс мазмұны бағдарламаға сәйкес әзірленіп, мақсатты аудитория – Тараз қаласының жастары мен колледж студенттері толық қамтылды.

Барлық 5 шеберлік сабақ бойынша жеке оқыту бағдарламасы, күн тәртібі, материалдар жиынтығы дайындалды және іс-шаралар барысында қолданылды. Бағдарламалар спикерлермен бірге алдын ала келісіліп, әр сабақтың тақырыбына сәйкес бейімделді. Әр мастер-классқа арналған толыққанды бағдарлама жобаның ішкі құжаттамасына енгізілді.

Шаралардың әрқайсысы бойынша қатысушылар тізімі жасақталды. Тізімдерде қатысушылардың аты-жөні, жасы, мекемесі және байланыс деректері тіркелген. Барлық 5 мастер-класстың қатысушы ведомостары рәсімделіп, құжат түрінде сақталған.

«IdeaLab» жобалық мектебі аясында өткен мастер-класстарға барлығы 300 жас қамтылды. Қатысушылар саны әр іс-шарада орташа 45–70 жас аралығында болды. Сабақтар барысында белсенділік жоғары болып, жастар практикалық тапсырмаларға белсенді түрде қатысып отырды.

Жобаға барлығы 5 кәсіби спикер тартылды. Олардың әрқайсысы өз саласының маманы болып табылады:

- SMM маманы және контент-менеджер – Қалдыбек Алматы Жексенбекұлы;
- Жастар мәслихатының төрағасы – Азамат Нәмелбек;

- Дебат жаттықтырушылары – Серікбол Берікқожа және Дулат Тұрсыналы;
- Жайдарманшы, блогер – Еламан Юсупов;
- Бас аспаз – Ақмарал Тойшыбекова;
- Барбер және байқау жеңімпазы – Пернебек Елмуратов.

Әр спикер туралы қысқаша ақпарат, кәсіби тәжірибесі, атқарған жұмыстары және мастер-класстағы мазмұндық үлесі көрсетілген анықтамалар әзірленді.

Барлық іс-шаралар фото және видеоға түсіріліп, құжаттамалық материалдар жинақталды. Әр мастер-кластан кемінде 3 фото және 1 бейнежазба дайындалды.

Әрбір мастер-класс бойынша жобаның ресми әлеуметтік желілерінде жарияланымдар жасалды. Хабарламалар Instagram, Facebook және TikTok платформаларында орналастырылып, жастардың ақпараттануы қамтамасыз етілді. Барлығы 5 жеке жарияланым және қосымша stories форматында бірнеше материалдар жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DQYWgHDjHQ/?img_index=1
2. https://www.instagram.com/p/DQWZbeeDfOG/?img_index=1
3. https://www.instagram.com/p/DP6JsjojXII/?img_index=1
4. <https://www.instagram.com/p/DP9BMPZDMTH/>
5. https://www.instagram.com/p/DPoycCwjaQg/?img_index=1
6. https://www.instagram.com/p/DPonCYXjR4e/?img_index=1

5 міндет. Әлеуметтік осал топтардан шыққан жастардың кәсіптік бағдарлануына көмектесу

1-іс-шара. «InnoChallenge» – жастар идеялары байқауы бойынша Жастар өздерінің креативті, технологиялық, әлеуметтік жобаларын ұсыну.

2025 жылдың 10 қыркүйек күні «InnoChallenge» – жастар идеялары байқауы ресми түрде жарияланып, облыс жастарына өздерінің креативті, технологиялық және әлеуметтік бағыттағы жобаларын ұсынуға мүмкіндік берді. Байқау туралы хабарлама белгіленген мерзімде ақпараттық алаңдарда жарияланып, ереже тапсырыс берушімен келісілген нұсқада бекітілді. Конкурсты ұйымдастыру үшін арнайы конкурстық комиссия құрылып, барлық үміткерлердің жұмыстарын тәуелсіз түрде бағалады.

Байқауға облыс бойынша 50-ден астам жоба ұсынылып, комиссия шешімімен үздік 3 жоба іріктелді. Жеңімпаздарды анықтау хаттамасы рәсімделіп, олардың презентациялары комиссияға ұсынылды. I, II және III орын жеңімпаздары үшін арнайы сыйақылар белгіленді (I орын – 500 000 тг, II орын – 300 000 тг, III орын – 200 000 тг).

2025 жылығы 11 қараша күні М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің акт залында өткен «BAGYT HUB Launch Forum» барысында жеңімпаздарды ресми марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. Шараға қатысушылар тізімі рәсімделіп, фото және видео материалдар дайындалды. Байқау нәтижелері әлеуметтік желілерде жарияланып, кең аудиторияға жеткізілді.

Жеңімпаздар тізімі:

I орын (500 000 ₸) – Жұмабек Сабина Ануарқызы, жоба: «VR Медицина»

Медициналық білім беруді виртуалды шынайылық технологиясы арқылы жаңғыртуды көздейді.

II орын (300 000 ₸) – Абдулайев Нурсайд Нуридинұлы, жоба: «SMART VOLUNTEER»

Еріктілер қызметін цифрландыруға бағытталған платформа.

III орын (200 000 ₸) – Қалдыбек Алмат Жексенбекұлы, жоба: «STUDENT ENERGY HUB»

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1xnLMcu7KMxtHaBOSe6nxu1qMZ-S4nNFN>

Сонымен қатар, жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара бойынша ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DQ-4QWSChW-/?img_index=1

6 міндет. Жастардың өз кәсіби бағытын табуына қолдау көрсету мақсатында тренингтер ұйымдастыру

1-іс-шара. «TechSprint» – жастар арасындағы технологиялық марафон іс шарасы бойынша жастар робототехника, агротех, IT, медицина және басқару салаларында шешімдер ұсыну

2025 жылғы 2 қараша күні сағат 11:00-де Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің бас ғимаратында «TechSprint» – жастар арасындағы технологиялық марафон аясында «Бір ой – бір қадам» диалог алаңы өткізілді.

Іс-шара модераторы ретінде Жамбыл облысы Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Мырзатай Медеу Жаналыұлы бекітілді.

Сонымен қатар, диалог алаңы барысында келесі спикерлер баяндама жасады:

– Келімбетова Айнұр Шайзханқызы, «Respublica» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы – «Адал еңбек – әділетті қоғамның іргетасы»;

– Тілеуішов Берік Бақкелдіұлы, «Аманат» партиясы Жамбыл облыстық филиалының саяси жұмыс бөлімінің меңгерушісі – «Таза ой – таза қоғам»;

– Ақынтай Алмас Саятұлы, Жамбыл облысы «Қоғамдық келісім» КММ – «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт»;

– Байпақ Дархан Қуанышұлы, «Тараз» студенттер альянсы корпоративтік қорының атқарушы директоры – «Жасампаздық пен жанашылдық: еңбектен идеяға».

Өз кезегінде, іс-шарада робототехника, агротех, IT, медицина және басқару салалары бойынша ұсынылған жобалар таныстырылды.

Марафон ережесі, конкурстық комиссияның құрамы, сондай-ақ жеңімпаздарды анықтау хаттамасы қатысушыларға таныстырылды.

Шараға 21 команда қатысып, 21 инновациялық идея ұсынылды. Сонымен қатар қатысушылар тізімі рәсімделіп, үздік жобалар марапатталды.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1pyE_yJe4t5f9a_UVFsB4qKoIZVtz6qKP

Сонымен қатар, жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара бойынша ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DQ93X70jT-b/?igsh=anZwdzlrGxyYXZk>

2-іс-шара. Жастардың шығармашылық идеяларын инновациялық жобаларын сүйемелдеу және қолдау

2025 жылдың 23 қыркүйек күні «TechSprint» жастар технологиялық марафонының ережесі бекітіліп, ресми хабарландырулар жарияланды. Сонымен қатар, облыстық білім басқармасына ақпараттық хат жолданып, жоба аясында жастардың ғылыми, технологиялық және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Инновациялық идеялар түрлі салалар бойынша жинақталып, құрылымдалып, әрқайсысына кураторлар тағайындалып, нақты іске асыру стратегиялары, жол карталары және енгізу жоспарлары әзірленді.

Техникалық шығармашылықтың инновациялық салаларында – робототехника, автоматтандырылған жүйелер, аддитивті технологиялар, ақпараттық және компьютерлік технологиялар (IT) бағыттары бойынша кемінде 5 перспективалы идея анықталып, олардың әрқайсысы нақты іске асыру жоспары деңгейіне дейін пысықталды. Бұл жобалар технологиялық ортада жастардың қабілеттерін арттыруға мүмкіндік берді. Әр идеяға жеке куратор бекітілді.

Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған кемінде 1 технологиялық инновациялық идея анықталып, оны енгізудің егжей-тегжейлі жоспары әзірленді. Бұл бастама агросектордағы тиімділікті арттыруға және заманауи шешімдерді қолдануға ықпал етті. Жоба арнайы куратордың сүйемелдеуімен жетілдірілді.

Автомобиль өнеркәсібі саласында кемінде 1 инновациялық идея пысықталып, шығатын техниканың сапасын арттыруға немесе өндірістік тиімділікті жоғарылатуға бағытталған ұсыныстар жасалды. Жоба үшін енгізу стратегиясы дайындалды және куратор тағайындалды.

Мемлекеттік басқаруды реформалауға арналған кемінде 2 инновациялық идея әзірленіп, болжамды қоғамдық-саяси және экономикалық өзгерістер ескерілді. Әр идея нақты іске асыру қадамдарымен құрылымдалып, мемлекеттік басқару жүйесін цифрландыру мен тиімділікті арттыру бағытында бейімделді. Әр идея куратордың қолдауымен жүзеге асырылды.

Жеңіл өнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған кемінде 2 технологиялық идея анықталып, олардың енгізілуінің жол картасы жасалды. Бұл жобалар өндіріс процестерін заманауи талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Әр жобамен жеке куратор жұмыс істеді.

Тау-кен өндірісі және минералдық шикізатты өңдеу саласында кемінде 2 инновациялық бастама құрылымдалып, экологиялық тиімді және өнімді өндіріс моделін қалыптастыруға арналған енгізу стратегиялары әзірленді. Жобалар кураторлармен бірлесе отырып жетілдірілді.

Медицина саласында кемінде 1 технологиялық идея дайындалып, оны енгізудің толық жоспары әзірленді. Жоба телемедицина, жасанды интеллект арқылы диагностика сияқты бағыттарды қамтып, саланың жаңғыртылуына үлес қосты. Жобаға жеке куратор бекітілді.

Жастардың әдеби шығармашылығын және баспа ісін дамытуға бағытталған кемінде 2 идея әзірленіп, олардың іске асырылуына жәрдем көрсетілді. Бұл бастамалар өңірлік контенттің дамуына және шығармашылық жастардың қолдау табуына әсер етті. Әр жоба жеке куратордың сүйемелдеуімен іске асырылды.

Жалпы саны 21 инновациялық жоба анықталып, олардың барлығы бойынша нақты ұсыныстар, іске асыру тетіктері және даму жоспарлары жасалды. Барлық жобаларға кураторлар тағайындалды және жастармен бірлесіп толық пысықталды.

7 міндет. Ұйымдармен кемінде 5 серіктестік қарым-қатынас орнату

№ 1 іс шара. «BAGYT Networking Day» іс-шарасы — жергілікті және ұлттық деңгейдегі ұйымдармен танысу, ынтымақтастық орнатуға бағытталған ашық кездесу

«BAGYT Networking Day» іс-шарасы — жергілікті және ұлттық деңгейдегі ұйымдармен танысуға, әріптестік қатынастар орнатуға және жастар бастамаларын қолдауға бағытталған ашық форматтағы нетворкинг кеші ретінде өткізілді.

Іс-шара бағдарламасына нетворкинг сессиясы, панельдік пікірталас, жоба презентациялары, қатысушылар тізімін қалыптастыру, серіктес ұйымдарды таныстыру, сондай-ақ ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қою рәсімі енгізілді.

Тиісті бағыттар бойынша барлық бағдарламалық элементтер толық орындалып, әрқайсысы үшін қажетті материалдар дайындалды.

Нетворкинг кешінің нәтижесі бойынша іс-шара бағдарламасы әзірленіп, панельдік пікірталас пен жоба презентациясы өткізілді.

Сонымен қатар, 7 меморандум жасалып, екіжақты серіктестік бағыттары айқындалды.

«BAGYT Networking Day» іс-шарасы аясында ұйымдармен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою рәсімі өтті. Атап айтқанда, келесі 7 ұйыммен әріптестік орнатылды:

- «OzgerTeam» қоғамдық қоры – 20 маусым 2025 жыл, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті;
- «Саналы қоғам» қоғамдық қоры – 25 маусым 2025 жыл, BAGYT HUB;
- Жамбыл облыстық «Ауыл жастары» жастар қанаты – 2 шілде 2025 жыл, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті;
- «Тараз жастар орталығы» КММ – 25 тамыз 2025 жыл, BAGYT HUB;
- «Жайдарман» Жастар КВН лигасы» ЖҚБ – 15 қыркүйек 2025 жыл, BAGYT HUB;
- «Тараз» студенттік Альянсы» корпоративтік қоры – 2 қазан 2025 жыл, BAGYT HUB;
- «Жамбыл облысы Жастар мәслихаты» ЖҚБ – 7 қазан 2025 жыл, BAGYT HUB.

Әр меморандум жастар саясаты, волонтерлік, шығармашылық индустриялар, медиа, білім беру және әлеуметтік бастамаларды қолдау бағытында өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға негіз болды.

Жалпы, іс-шара туралы 1 бағдарлама құжаты, 1 панельдік пікірталас, 1 презентация, 1 қатысушылар тізімі, 7 серіктес ұйыммен меморандум, жасалды.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1XkaAiw_LbIJrT2laxlc4RmKb8rGRW-ZF

Сонымен қатар, жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара бойынша ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DPWDTDqjazw/>

8 міндет. Болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде жастардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, жастардың еңбекке саналы көзқарасын, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігін қалыптастыруға бағытталған кемінде 5 семинар-тренинг өткізу

№ 1 іс шара. «CareerNavigator» семинарлар топтамасы – жастарға арналған кәсіби бағдар және soft skills дамытуға бағытталған семинарлар мен тренингтер

2025 жылғы 7–9 қазан аралығында «CareerNavigator» семинарлар топтамасы өткізіліп, жастарға кәсіби бағдар беру, еңбек нарығындағы негізгі трендтерді түсіндіру және soft skills дағдыларын дамытуға бағытталған семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Семинарлар Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының қолдауымен 5 түрлі колледж базасында өткізілді. Барлығы 200-ден астам жас қатысып, кәсіби бағдар, коммуникативтік дағдылар, эмоциялық интеллект, еңбек құқығы және жұмысқа орналасу мәдениеті тақырыптарында мазмұнды ақпарат алды.

Іс-шаралар бағдарламасы бекітіліп, барлық 5 семинарға арналған бірыңғай оқу-әдістемелік бағдарлама әзірленді. Әр білім беру ұйымында қатысушылардың жеке тізімі рәсімделді, сондай-ақ тренинг барысында «Мамандық пирамидасы», «Шартсыз жұмыс ұсынысы», ситуациялық симуляциялар сияқты кемінде 1 практикалық ойын/жаттығу жүргізілді.

Барлық семинарлардың спикері — заңгер, коуч, тренер, Жамбыл облысы нотариаттар палатасының атқарушы директоры Данияр Маратұлы Өмірбеков болды.

Семинарлар нақты төмендегі оқу орындарында өтті:

2025 жылғы 7 қазан Жамбыл политехникалық жоғары колледжі — 10:00

- Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі — 12:00

2025 жылғы 8 қазан Жамбыл медициналық жоғары колледжі — 10:00

- «Болашақ-Тараз» медициналық жоғары колледжі — 12:00

2025 жылғы 9 қазан «Тараз-Парасат» колледжі — 10:00

- Тараз сервис және технологиялық колледжі — 12:00

Әр семинар бойынша 3 фото және 1 бейнематериал дайындалды.

Семинарлар барысында:

- XXI ғасыр мамандықтарының трендтері, еңбек нарығының талаптары;

- EQ/IQ/PQ қабілеттері, soft skills дағдылары;

- еңбек шартын жасасу ережелері, еңбек құқықтары;

- интерактивті ойындар мен симуляциялар арқылы кәсіби бағдарлау тақырыптары терең қамтылды.

Семинар-тренингтер топтамасы жастардың кәсіби бағдар бойынша түсінігін кеңейтіп, еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуіне, soft skills дағдыларын дамытуына және еңбек құқықтары жөніндегі базалық білімдерін нығайтуына елеулі ықпал етті.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/11-0pRgf2-7gixzQMZdO3JlrxrhzQi0ZZ>

Сонымен қатар, жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара бойынша ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DPoIT8Ijbnx/?img_index=1

2. <https://www.instagram.com/p/DPokzQ8DVCz/>

3. <https://www.instagram.com/p/DPokxDTjcGa/>

9 міндет. Аз қамтылған отбасылардан шыққан мектептердің кемінде 20 түлегін тегін Ұлттық бірыңғай тестілеуге даярлау курстарын ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. «ҰБТ Ready» – білім беру қолжетімділігі бағдарламасы аясында аз қамтылған отбасылардан шыққан түлектерге арналған тегін дайындық курсының ұйымдастыру

2025 жылғы мамыр–маусым айларында Жамбыл облысында әлеуметтік осал топтағы жастарды қолдауға бағытталған «ҰБТ Ready» білім беру жобасы іске асырылды. Жоба аз қамтылған және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 20 оқушыға тегін дайындық курсының ұсынды. Дайындық онлайн және офлайн форматта қатар өткізіліп, әрбір қатысушы 1 ай ішінде 64 академиялық сағаттық оқу бағдарламасынан өтті. Жобаға арналған оқу бағдарламасы әзірленіп, қатысушылардың жеке тізімі рәсімделді.

Оқушылар жобаның басында және соңында екі кезенді сынақ тест тапсырып, олардың білім деңгейіндегі нақты өзгерістер тіркелді. Бастапқы тесттің орташа ұпайы 88,6, қорытынды тесттің орташа ұпайы 98,6 болды, нәтижесінде орташа өсім +10 балды құрады. 17 оқушының нәтижесі жақсарса, 2 оқушыда көрсеткіш төмендеп, 1 оқушының көрсеткіші өзгеріссіз қалған. Осы деректер негізінде жобаның нәтижелері бойынша толық есеп жасалды.

Жоба барысында қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында арнайы психологиялық тренинг есебі дайындалды және мотивациялық коучинг бағдарламасы жүргізілді. Мотивациялық коуч — тренер әрі заңгер Данияр Өмірбековтің жетекшілігімен «Менің болашағым – менің қолымда» атты ашық кездесу, «Өзінді таны – өзінді дамыт» топтық сессиясы, «Қорқынышты басқару», «Сенімсіздіктен

арылу» онлайн тренингтері өткізілді. Telegram арнасы арқылы күнделікті мотивациялық хабарламалар жіберілді, сондай-ақ 7 оқушыға жеке менторлық қолдау көрсетілді.

Жоба аясында қолданылған әдістемелер: SMART мақсат қою, Growth Mindset, құндылықтар иерархиясы, жетістік визуализациясы және коучингтік рефлексия. Нәтижесінде қатысу белсенділігі 100%, сенім деңгейінің артуы 85%, барлық 20 оқушыда жеке мақсат жоспары қалыптасты. Қатысушылардың пікірлері мотивациялық жұмыстың жоғары тиімділігін көрсетті.

Растаушы құжаттар келесі сілтемеде ұсыналды:

https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1SKebY7qg11xi-c_ZZJ44wI5nSMES9HEd

<https://docs.google.com/document/d/1H4cyEKtK-gB4CxFgI0-pnybOIJPtDpWO/edit>

Сонымен қатар, жобаның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара бойынша ақпараттар әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/zh_pikir/

«ҰБТ Ready» жобасы өзінің негізгі мақсатына толық жетіп, әлеуметтік осал санаттағы жастардың білім деңгейін орта есеппен 10 балға арттыруға мүмкіндік берді. Бұл бастама мемлекеттік қолдаудың жастар әлеуетін арттырудағы тиімді құрал екенін дәлелдеді.

№ 2 іс шара. Жобаға қатысушылар арасында сауалнама жүргізу

«ҰБТ Ready» білім беру қолжетімділігі бағдарламасы аясында дайындық курсына қатысқан әлеуметтік осал санаттағы түлектер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері негізінде жобаның тиімділігі, мазмұны, психологиялық қолдаудың рөлі және жалпы қанағаттану деңгейі бойынша кешенді талдау жүргізілді.

Қатысушылардың 75%-ы жобаның дайындыққа оң ықпал еткенін атап өтті («өте жақсы» – 65%, «жақсы» – 10%). Тек 5% әсер болмағанын көрсеткен.

80% қатысушы оқу бағдарламасының мазмұны мен сапасына оң баға берген («толық қанағаттандым» – 55%, «қанағаттандым» – 25%).

Психологиялық қолдау (26,7%), ҰБТ пәндері бойынша сабақтар (25%), мотивациялық коучинг (25%) және менторлық (18,3%) ең пайдалы компоненттер ретінде белгіленді.

Қатысушылардың 75%-ы жобаға жоғары баға берген («өте жақсы» – 65%, «жақсы» – 10%).

Сауалнама нәтижелері «ҰБТ Ready» жобасының тиімділігін растап, қатысушылардың басым бөлігі оқу бағдарламасының сапасы мен психологиялық-мотивациялық қолдауды жоғары бағалағанын көрсетті. Жобаны кеңейту және ұзарту ұсынылады.

10 міндет. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

№ 1 іс шара. «BAGYT MediaWeek» – медиа-контент апталығы аясында жоба барысын көрсететін бейнематериалдар, сұхбаттар, TikTok челленждер мен мақалалар жариялау

Жоба аясында медиа-контент апталығы ұйымдастырылып, бейнематериалдар, сұхбаттар, TikTok челленждер мен мақалалар жариялау жұмыстары жүргізілді. Ақпараттық қамтуды кеңейту мақсатында облыстық телеарналар, баспа және онлайн БАҚ, сондай-ақ әлеуметтік желілер белсенді түрде пайдаланылды.

Іс-шара нәтижелері:

- облыстық телеарналарда ақпараттық сюжеттер мен жарияланымдар – 5 материал:

Сілтемесі:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1AzvhUEXDYDNGYZRIfg02-G88NcohXjFx>

- баспа БАҚ-та жарияланған мақалалар – 5 материал:

- облыстық онлайн БАҚ интернет-ресурстарында жарияланған мақалалар – 5 материал

Сілтемесі:

https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1VScYs4AR_7RwcroYyJlbzFbFTk-e7SCE (AldaspanInfo)

- 20 000 жазылушысы бар Instagram, Facebook, TikTok танымал облыстық беттерінде жарияланған материалдар – 5 материал

Сілтемесі:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Ioks5agrwwyAKIUwwznGe7FZOfJcKaL>

<https://www.instagram.com/p/DO5hbDvjQJQ/>

<https://www.instagram.com/p/DO8bQKnIKGu/>

Ақпараттық жұмыстар нәтижесінде жалпы 200 000 қаралым болды.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы бойынша ақпараттық жұмыстар

Жоба аясында ақпараттық қамтуды қамтамасыз ету және жұртшылыққа жобаның іске асырылу барысын жеткізу мақсатында кешенді ақпараттық-насихат жұмыстары жүргізілді. Ақпараттық материалдар әлеуметтік желілер, баспа және электронды БАҚ, сыртқы жарнама құралдары және визуалды контент арқылы таратылды.

Жүргізілген ақпараттық жұмыс нәтижелері:

- әлеуметтік желілердегі посттар (шығарылымдар) – 100 материал

- бейнероликтер – 5 дана

- инфографикалар – 50 материал

- БАҚ-та жарияланған мақалалар – 10 мақала

- көше жарнамалары (наружная реклама) – 5 баннер

- афишалар – 5000 дана

Ақпараттық кампания шеңберінде көп арналы коммуникация тәсілі қолданылып, жоба туралы кең ауқымды аудиторияға ақпарат жеткізілді. Әлеуметтік желілер мен инфографика арқылы онлайн қамту күшейтілсе, көше жарнамалары мен афишалар офлайн аудиторияны қамтуға мүмкіндік берді.

1) Әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері

Жоба аясында белгіленген негізгі мақсаттар толық көлемде орындалды. Жамбыл облысының орталығында жастарға арналған заманауи коворкинг-кеңістік құрылып, оның базасында жастардың шығармашылық, технологиялық, әлеуметтік бастамаларын дамытуға бағытталған іс-шаралар кешені іске асырылды.

Жоба қатысушылары үшін «Digital BAGYT» онлайн коммуникациялық платформасы іске қосылып, тұрақты ақпарат алмасу, идеялар тізілімін жүргізу және кері байланыс алу тетігі жолға қойылды.

Жамбыл облысының барлық 10 ауданында ақпараттық-түсіндіру туры ұйымдастырылып, жастардың идеялары мен ұсыныстары жиналды. Коворкинг орталық базасында жастарға арналған 5 бағыт бойынша мастер-класстар, технологиялық марафон, инновациялық идеялар байқауы, кәсіби бағдар тренингтері өтті.

Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтағы жастарға арналған тегін ҰБТ даярлау курстары ұйымдастырылып, ақпараттық кампания облыстық және әлеуметтік медиа алаңдарында кеңінен жүргізілді. Жалпы тікелей қамтылған жастар саны 300-ден асты, ақпараттық қамту 200 000-нан жоғары болды.

Жалпы 21 технологиялық, әлеуметтік және шығармашылық инновациялық идея пысықталып, әрқайсысына кураторлар бекітілді. Жеңімпаздар анықталып, I, II, III орын иегерлері тиісінше 500 000 тг, 300 000 тг және 200 000 тг көлемінде марапатталды.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Нақты фактілер:

Коворкинг кеңістік және инфрақұрылым:

- «bagyt hub» коворкинг орталығы толық жабдықталып, жастарға қолжетімді орта қалыптастырылды.
- шылу форумы — 100 қатысушы, ресми жарияланымдар дайындалды.

Коммуникация және Telegram арна:

- «digital BAGYT» Telegram арнасы іске қосылып, 1548 тіркелушіге жетті.
- әлеуметтік желілердегі жалпы ақпараттық қамту 10 000+ адам.

Аудандармен жұмыс:

- Жамбыл облысының 10 ауданында ақпараттық тур өтті.
- жалпы аудандық қамту 100 жас адам.
- барлық аудандар бойынша ұсыныстар тізілімі жинақталды.

Коворкинг аясындағы оқыту іс-шаралары

- «IdeaLab» — 5 мастер-класс, 300 жас қамтылды, 7 кәсіби спикер қатысты.
- барлық іс-шаралар фото/видео құжаттамамен рәсімделді.

«TechSprint» технологиялық марафоны:

- 21 команда, 21 идея ұсынылды. Технологиялық идеяларды сүйемелдеу бойынша 21 инновациялық идея пысықталды:
- it, робототехника 5
- ауыл шаруашылығы 1
- автоөнеркәсіп 1
- мемлекеттік басқару 2
- жеңіл өнеркәсіп 2
- тау-кен және өңдеу 2
- медицина 1
- әдебиет және баспа ісі 2

Кәсіби бағдар:

- «Techsprint» диалог алаңы 200-ден астам қатысушы.
- кемінде 5 семинар-тренинг өткізілді.

Әлеуметтік осал топтар:

- 20 мектеп түлегіне тегін ҰБТ дайындық курстары ұйымдастырылды.

Ақпараттық кампания:

- облыстық телеарналарда жарияланымдар.

- БАҚ-та 5 мақала

- instagram/facebook/tiktok-та 20 000+ аудиториясы бар 5 материал жарияланды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Жоспарланған және нақты нәтижелер арасында ауытқулар орын алған жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба басталғанға дейін Жамбыл облысының орталығында жастарға арналған коворкинг-кеңістік, тұрақты білім беру алаңы және креативті бастамаларды қолдау инфрақұрылымы жеткіліксіз болды. Жастардың IT, медиа, технология, робототехника және әлеуметтік инновациялар бағыттарында тәжірибе жинауына, жобалық дағдыларын дамытуына мүмкіндік беретін орталықтар тапшылығы байқалды. Ақпараттық қолдау және жастар бастамаларын жариялаудың тиімді арналары да шектеулі болды.

Жобаны іске асыру барысында аталған проблемалар біртіндеп шешілді. BAGYT HUB коворкинг-кеңістігінің ашылуы нәтижесінде жастар үшін ашық, қолжетімді, тегін жұмыс аймағы құрылды. «BAGYT HUB Launch Forum» форумында 100-ден астам жас қатысып, өңірдегі жастар эожүйесінің дамуына серпін берілді. «BAGYT MediaWeek» медиа апталығы аясында 100 пост, 5 бейнеролик, 50 инфографика, 10 БАҚ материалы, 5 көше жарнамасы және 5000 афиша жарияланып, жоба туралы ақпарат аймақ жастары арасында кеңінен таралды.

Сонымен қатар «TechSprint» технологиялық марафоны жастардың инженерлік, IT және инновациялық ойлауын күшейтіп, робототехника, агротех, медицина, басқару салаларында практикалық шешімдер ұсынуына мүмкіндік берді. Бағдарлама аясында коворкинг кеңістігіне тартылған жастар саны артты, олардың жобалық дағдылары жақсарып, өңірлік жастар бастамаларының сапасы мен саны өсті.

Жоба аяқталған сәтте бастапқы жағдаймен салыстырғанда жастардың шығармашылық және технологиялық бағыттарға қызығушылығы, орталыққа келушілер саны, ақпараттық контенттің көлемі және жастар арасындағы белсенділік айтарлықтай жоғарылады. Осылайша жоба шеңберіндегі міндеттердің орындалу деңгейі жоғары болып, өңірдегі жастар эожүйесінің дамуына нақты әлеуметтік өзгеріс әкелді.

II. Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде

Статистикалық ақпарат:

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
3 076	1 607	1 469

2) Санаттары бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны (барлығы)	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағылар (50+)	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдар өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
3 076	324	1 538	162	324	80	121	162	162	121	82

3) Жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жалпы саны (барлығы)	13–16 жас	17–22 жас	23–27 жас	28–32 жас	33–45 жас	46–58 жас	59 жас және одан жоғары
3 076	458	1 387	616	247	185	123	60

III. Жобаның нәтижелері:

1) Нысаналы топтардың жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері

Жоба барысында жастарға арналған коворкинг-кеңістік құрылып, өңір жастары үшін қолжетімді білім алу, жобалар әзірлеу және шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік жасалды. «BAGYT HUB Launch Forum» іс-шарасына 100-ден астам жас қатысып, кәсіпкерлік, технология, шығармашылық индустрия және жастар саясаты салалары бойынша тәжірибе алмасты.

«BAGYT MediaWeek» медиа апталығы аясында жарияланған 100 пост, 5 бейнеролик, 50 инфографика, 10 БАҚ материалы, 5 сыртқы жарнама және 5000 афиша жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, олардың жобаға қатысу белсенділігін күшейтті.

«TechSprint» технологиялық марафоны арқылы жастар робототехника, агротех, медицина, IT және басқару салаларында инновациялық шешімдер әзірлеп, командалық жұмыс дағдыларын дамытты. Нәтижесінде өңір жастары практикалық тәжірибе жинап, технологиялық бағыттарға қызығушылығы артты.

Жобаға тартылған жастар жаңа дағдыларды меңгеріп, өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік алды. Коворкинг алаңы тұрақты түрде пайдаланылатын ортаға айналып, жастардың өзін-өзі дамыту белсенділігі едәуір өсті.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиіс проблемаға ұзақмерзімді ықпалы

Жоба өңірдегі жастарға арналған инфрақұрылым тапшылығы, коворкинг алаңдарының жоқтығы және сапалы, жүйелі жастар ортасын қалыптастыру мәселелерін шешуге ұзақмерзімді үлес қосты. BAGYT HUB кеңістігі жастардың тұрақты жиналатын, тәжірибе алмасатын, идеяларды дамытатын орталығына айналып, өңірлік жастар экожүйесінің қалыптасуына негіз болды.

Ақпараттық қолдау күшейтілгендіктен, жастар бастамаларының жариялылығы артып, жаңа жобалардың іске қосылуына мүмкіндік жасалады. «TechSprint» нәтижесінде пайда болған командалар болашақта да инновациялық ұсыныстар енгізуге дайын әлеуетті топ ретінде қалыптасты.

Ұзақмерзімді әсердің негізгі көрінісі – жастардың белсенділігі мен жауапкершілігінің артуы, шығармашылық және технологиялық бағыттарға тұрақты қызығушылықтың қалыптасуы, сондай-ақ өңір жастарының кәсібилену деңгейінің жоғарылауы.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері

Жоба өңірде жастардың дамуына арналған жаңа ортаны қалыптастырып, әлеуметтік капиталдың өсуіне ықпал етті. Жастардың білім, технология, медиа және инновация салаларындағы дағдылары күшейіп, болашақта еңбек нарығына бәсекеге қабілетті жас мамандардың шығуына жағдай жасалды.

Коворкинг-кеңістіктің ашылуы жастар арасындағы кәсіпкерлік бастамаларға серпін беріп, шағын жобалардың құрылуына негіз қалады. Ақпараттық науқан қоғамда жастар жобаларының құндылығын арттырып, өңірдегі әлеуметтік белсенділік деңгейін өсірді.

Технологиялық марафон аясында ұсынылған шешімдер кейіннен білім беру, цифрландыру, агротехника және денсаулық сақтау секторларында қолданылу мүмкіндігіне ие. Бұл жалпы өңірдің инновациялық климатын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жобаның нәтижесінде әлеуметтік интеграция күшейіп, жастардың қоғам өміріне қатысу деңгейі артты, ал ұзақмерзімді перспективада өңірдің адами капиталы мен экономикалық белсенділігі өседі.